

Жамбыл облысы Қордай ауданының әкімдігі
Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының №7 Бетқайнар колледжі
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен ш/қ «Султан
Бейбарс» арасындағы өңірлерге қажетті мамандарды даярлау бойынша
Корпоративтік басқару (қамқорлық) туралы

МЕМОРАНДУМ

Бұдан әрі –Тараптар деп аталатын **Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігі атынан аудан әкімі Мусаев Маден Токтарбаевич, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№ 7 Бетқайнар колледжі» КМҚК атынан директор Алимбаева Гулнара Едильбаевна** , **«Султан Бейбарс»** басшысы **Куттуков Биржан Чайзатович** бұдан әрі Тараптар деп аталатын, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында өңірлерге қажетті мамандарды даярлау үшін үш жақты ынтымақтастық келісім жасалынды.

I. Үнтымақтастықтың негізгі бағыттары

1. Кадрларды мақсатты даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласында, оның ішінде ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпорындар үшін дуальді оқыту технологиясы бойынша өзара қажеттіліктер мен мүдделерді ескере отырып, тең құқылық қағидаттары негізінде ынтымақтастықты дамыту;
2. Колледж базасында кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және сертификаттау ресурстық орталығын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
3. Кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды корпоративтік басқару жүйесін (қамқорлық) құру;
4. Техникалық және кәсіптік білім берудің нормативтік – құқықтық базасын және МЖМБС жетілдіру;
5. Колледждің ресурстық оқу орталығының оқу – материалдық базасын дамыту («№ 7 Бетқайнар колледжі» КМҚК);
6. Келісімге енгізілген проблемалар мен басқа да әлеуметтік – экономикалық мәселелер бойынша қабылданатын шешімдер, нормативтік құқықтық актілер туралы бір – бірін ресми хабардар ету;
7. Тараптар өкілдерінің келісімге енгізілмеген, бірақ өзара мүдделі мәселелерді барлық деңгейлерде қарауға қатысу мүмкіндігін өзара қамтамасыз ету;
8. Тараптардың ресми сайттарында кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі және осы Келісімді орындау жөніндегі әлеуметтік әріптестік практикасы туралы материалдарды орналастыру.

II. Тараптардың міндеттемелері

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігі

1. Әкімдік, мүмкіндігінше, еңбек нарығының қажеттілігіне байланысты, түлектерді жұмысқа орналастыра отырып, Шу ауданының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында колледж студенттерінің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру бойынша жұмыс берушілермен келісім – шарт жасасуға көмек көрсетеді.
2. Тараптар еңбек және білім нарықтарының талаптарын үндестіру, жас кадрлардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру мәселелері бойынша дөңгелек үстелдерге, семинарларға, кездесулерге бірлесіп қатысады.
3. Тараптар ауданның аграрлық секторы мекемелерінің нақты мекен жайлық сұраныстарына сәйкес ауыл шаруашылық кадрларының нарығын зерттеу бойынша бірлескен кәсіби бағдарлау жұмыстарын, талдаулар мен зерттеулер жүргізеді.
4. Тараптар дуальді оқыту (ТЖКБ жүйесіне оларды енгізуге қарай), практикаға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру, біліктілікті арттыру саласында өзара ақпарат алмасады.
5. Тараптар студенттерге жұмысқа орналасу және кәсіби өсу мүмкіндіктері туралы ақпаратты дайындауға және жариялауға жәрдем көрсетеді, бұқаралық ақпарат құралдарында бірлескен ақпараттық компаниялар өткізеді.
6. Тараптар өз сайттарында корпоративтік басқару (қамқорлық) туралы әлеуметтік әріптестік тәжірибесі және осы Меморандум туралы материалдарды орналастырады.
7. Әкімдік жас мамандарды әлеуметтік қолдау және оларды жаңа жұмыс орындарына бейімделуіне жағдай жасайды.

«Султан Бейбарс» шаруа қожалық

1. Оқу процесін сапалы қамтамасыз ету және кадрларды даярлау мақсатында:
 - оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде дуалды;
 - жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру жөніндегі жұмыста;
 - студенттердің өндірістік практикасын ұйымдастыруда және өткізуде, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін қайта даярлауда, біліктілігін арттыруда, тағылымдамада;
 - мектеп оқушылары мен жастар арасында кәсіби – бағдарлау жұмысын ұйымдастыруда;
 - ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша кадрларға қажеттілікті айқындауда, сондай – ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруда;
 - ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін кадрларды даярлау мәселелері бойынша конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, студенттер мен педагогтар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуде;
 - ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен колледж арасында тікелей байланыс орнату және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауда;

- үздік студенттер мен педагогтарға арналған атаулы стипендиялар тағайындауда, кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуде;
 - Еңбек ресурстарын дайындауды реттейтін нормативтік – құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыста;
 - оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ретінде жұмыс істеу үшін саланың жоғары білікті мамандарын тартуда.
2. Бизнестің оқу орнына қамқорлығын белгілеуге жәрдемдесу, соның ішінде:
 - студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру;
 - колледждің оқу – материалдық базасын нығайту;
 - студенттер мен оқытушыларға арналған ынталандыру стипендиялары мен сыйлықтарын құру;
 - тәлімгерлік институтын дамыту;
 - өндірістік оқыту шеберлерінің және арнайы пән оқытушыларының кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуі;
 - еңбек шартын жасасу арқылы алған кәсіптік білімінің деңгейі бейініне сәйкес келетін лауазымдарға түлектерді жұмысқа қабылдау (Бос орындар болған жағдайда).
 3. Біліктілік беру бойынша жұмысқа қатысу және түлектерді сертифициттау.
 4. Саладағы техникалық және қызмет көрсету еңбегінің сұранысқа ие мамандықтарын болжау мақсатында еңбек нарығына мониторинг жүргізу.
 5. Колледждің алқалық органдарының жұмысына қатысу қамқоршылық, педагогикалық, әдістемелік кеңестер).
 6. Жастарды әлеуметтік – еңбекке бейімдеудің келісілген саясатын жүргізу, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.
 7. Оқу – бағдарламалық жұмыс құжаттамасын, колледждің стратегиялық даму жоспарын, қаржыландыру жоспарын және т.б. әзірлеуге және келісуге қатысу.
 8. Қызметтің негізгі бағыттарына мониторинг жүргізуге, білім беру процесінің сапасын басқару менеджменті жүйесін енгізуге, колледжді аттестаттау мен аккредиттеуге қатысу.

№ 7 Бетқайнар колледжі

1. Жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес ауыл шаруашылығы саласының кәсіпорындары үшін кадрларды сапалы даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
2. Дуальды оқыту технологиясы бойынша өңірдің ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлауды жүргізу;
3. Жұмыс оқу – бағдарламалық құжаттарын Қордай ауданы әкімдігінің тиісті ауылшаруашылығы бөлімдерімен және «Сұлтан Бейбарс» ш/қ келісу;
4. Ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша ТжКБ, МЖМБС, ТжКБ кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуішіні жетілдіру бойынша жұмысқа қатысу;
5. Жәрдемдесу;
 - ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін кадрлар даярлауға арналған жаңа буын оқулықтарын шығару және оқу процесін енгізу;

- оқушылар мен жастар арасында кәсіби – бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- еңбек нарығының талаптарына сәйкес заманауи материалдарды пайдалана отырып, оқыту мен өндірістің жаңа технологиялары бойынша оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерін, сала мамандарын қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін кадрлар даярлау мәселелері бойынша конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кездесулер және консультациялар өткізу;
- студенттер арасында кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу мен педагогтардың колледж түлектерін жұмысқа орналастыру;

III. Келісімнің қолданылу мерзімі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге Тараптардың өкілетті өкілдері қол қоятын және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларды жасау жолымен жазбаша нысанда ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, Тараптардың бірі басқа Тараптарға жіберілген жазбаша хабарлама арқылы оның қолданылуын тоқтатуға ниет білдіргенге дейін қолданылады.

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Осы Келісімге мемлекеттік тілде үш дана қол қойылды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

ӘКІМДІК

«Жамбыл облысы Қордай ауданы аппараты»
 Қордай ауданы, Толе-би, 106
 БИН 951140000386
 ИИК KZ11070103KSN2104000
 БИК KCMFKZ2A

Қордай ауданы әкімі

М.Т.Мусаев

(қолы)

(мөрдін орны)

ЖҰМЫС БЕРУШІ

к/х «Султан Бейбарс»
 Жамбыл облысы, Қордай ауданы Бетқайнар ауылы
 БИН 630327300188
 КБе 19
 т.87773614232

ш/қ «Султан Бейбарс» басшысы

Куттуков Б.Ч.

(қолы)

(мөрдін орны)

КОЛЛЕДЖ

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының « №7 Бетқайнар колледжі»
 КМҚК Бетқайнар ауылы Көл №1»
 ИИК KZ 876010161000052262
 БИК HSBK KZ KX БИН 080240017673

№ 7 Бетқайнар колледж басшысы

Алимбаева Г.Е.

(қолы)

(мөрдін орны)